



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№3 (110)

Астана
2025

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ
Жанат Әскербекқызы

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ЖАБАҒИН
Мақсат

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

СЫДЫҚОВ
Айбек Жексеналыұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

БИҒОЖИН
Ұлан Зейноллаұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD докторы (Қазақстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD докторы (Қазақстан)

ҚАРА
Әбдуақап

– доктор, профессор (Түркия)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (АҚШ)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

РАДИВОЖЕВИЧ
Мильяна

– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– Candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЙМУХАМБЕТ
Жанат Аскербековна

– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ЖАБАГИН
Максат

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

СЫДЫКОВ
Айбек Жексеналыевич

– PhD доктор (Казахстан)

БИГОЖИН
Улан Зейноллаулы

– PhD доктор (Казахстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD доктор (Казахстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD доктор (Казахстан)

КАРА
Абдукап

– Доктор, профессор (Турция)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (США)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)

Радивожевич Мильяна

– PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Археология / Archaeology / Археология

- Талеев Д.* Ответвления Великого Шёлкового пути на территории Жетысу в X–XIII веках: геоэкономические и культурные аспекты транзитных маршрутов
Талеев Д. X–XIII ғасырлардағы Жетісу аумағындағы Ұлы Жібек жолының тармақтары: транзиттік бағыттардың геоэкономикалық және мәдени аспектілері
Taleev D. Branches of the Great Silk road on the territory of Zhetysu in the X–XIII centuries: geo-economic and cultural aspects of transit routes..... 6
- Құрманиязов Ы., Рахимжанова С.* Солтүстік-Шығыс Арал маңының тас ғасырының ескерткіштерін бақылау және тіркеуге алу
Курманиязов Ы., Рахимжанова С. Мониторинг и регистрация памятников каменного века северо-восточного Приаралья
Kurmaniyazov Y., Rakhimzhanova S. Monitoring and registration of stone age monuments in the Northeastern Aral sea region..... 19
- Moldakhmet A.* The problem of identifying the cities of Eshnas and Ornas with the medieval city of Asanas and the history of its study
Молдахмет А. Деректердегі «Эшнас», «Орнас» қалалары мен ортағасырлық Асанастың баламалану мәселесі және оның зерттелу тарихы
Молдахмет А. Проблема отождествления городов «Эшнас», «Орнас» со средневековым городом Асанас и история его изучения..... 32

Этнология / Ethnology / Этнология

- Атдаев С.* Судьбы ханов и сердаров Ахала после 12 января 1881 г.
Атдаев С. 1881 жылғы 12 қаңтардан кейінгі Ахал хандары мен сардарларының тағдыры
Atdaev S. The fates of the khans and serdars of Akhala after January 12, 1881..... 42

Музей ісі / Museology / Музейное дело

- Атабаева Г.* Үйірме музейдің мәдени білім беру қызметінің түрі ретінде
Атабаева Г. Кружок как форма культурно-образовательной деятельности музея
Atabayeva G. The circle as a form of cultural and educational activities of the museum..... 57
- Мичри М.* Опыт реставрации восточно-азиатских лаков в лаборатории научной реставрации предметов из органических материалов Государственного Эрмитажа
Мичри М. Шығыс-азиялық лактарды Мемлекеттік Эрмитаждың органикалық материалдардан жасалған бұйымдарды ғылыми реставрациялау зертханасында қайта қалпына келтіру тәжірибесі
Michri M. Experience in the restoration of east asian lacquers at the laboratory for the scientific restoration of objects made of organic materials of the State Hermitage museum..... 71

Музей ісі / Museology / Музейное дело

FTAMP 13.51.08

<https://doi.org/10.47500/2025.v23.i3.05>**Атабаева Г.**

«Өзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы
Түркістан, Қазақстан
e-mail: atabayevagulmira9@gmail.com

**ҮЙІРМЕ МУЗЕЙДІҢ МӘДЕНИ БІЛІМ
БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРІ РЕТІНДЕ**

Аңдатпа. Бұл мақалада музей педагогикасының қалыптасуының алғышарттары, оның анықтамасы мен түрлері сараланады. Сонымен қатар, музей педагогикасының теориясы мен практикасы негізінде «Өзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы үйірмелерінің теориялық-әдіснамалық негіздері мен тәжірибелік аспектілері талданады. Қазіргі уақытта музейдегі мәдени-ағартушылық және білім беру бағытындағы шаралардың қатысушыларын тұрақтандыру мәселесі де өзекті болып табылады. Осы тұрғыда, мақалада музейдің тұрақты аудиториясын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Музей педагогикасы ғылыми пән ретінде музейдің оқыту қызметінің ерекшеліктерін, әртүрлі әлеуметтік санаттағы келушілермен жұмыс жасау әдістерін, музейдің білім беру мекемелерімен өзара іс-қимылын зерттейді. Мұнда аудиторияның жас ерекшелігі, қызығушылықтары, әлеуметтік және материалдық жағдайына қарай оқыту үдерісінде дәстүрлі және дәстүрлі емес форматтар қолданылады. Дәстүрлі формат түрлері: экскурсиялар, музейлік сабақтар, семинарлар, кездесулер, үйірмелер, клубтар болса, ал дәстүрлі емес формат түрлері: олимпиадалар, байқаулар, дебаттар, театрландырылған көріністер, әртүрлі мазмұндағы жекелеген мерекелік іс-шаралар. Музей заттарының сан алуандылығы, көркемдігі мен шынайылығы мұндағы білім беру мазмұнын басқа мекемелердегі қосымша білім беру мазмұнынан ерекшелеп тұрады. Сондай-ақ, музейдегі оқыту барысы еркін және бейресми форматта өтіп, мұнда қатысушылардың қызығушылығына басымдық беріледі. Мақаланы жазу барысында шетелдік зерттеушілердің музейтану бағытындағы жарияланымдары қолданылды. Зерттеуде музей-қорық үйірмелерін мақсат-міндеттерін іске асыру барысында жинақталған тәжірибені сипаттау үшін баяндау және талдау әдістері пайдаланылған. Бұл әдістер үйірмелер жұмысының мазмұнын ашуға, тақырыптық бағытын сипаттауға, жетекшілері мен қатысушылар құрамын айқындауға мүмкіндік берді.

Кілт сөздер: музей педагогикасы, үйірме, тарих, музейдегі оқыту, тарихи-мәдени мұра, жәдігер.

Дәйексөз үшін: Атабаева Г. Үйірме музейдің мәдени білім беру қызметінің түрі ретінде// Мәдени мұра. 2025. № 3(110). 57-70 б. (қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v23.i3.05>

Кіріспе

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру, олардың бойына рухани құндылықтарды сіңіруге байланысты міндеттерді шешуде музейді білім беру саласының серіктесі деп айтуға болады. Себебі музей жәдігерінің өзіндік рөлі бар. Білім алушы заттай мұралар арқылы білімін жетілдіреді, өзі үшін тың жаңалықтарды ашады, ерекше эмоцияны сезінеді, қажетті ақпаратты алып, рухани тұрғыда дами түседі. Сондықтан, тарихи-мәдени мұраның мәні өте зор. Оны экспозицияда үйлесімді әрі дұрыс көрсету музей келушісін терең ойға жетелеп, рухани азық алуына септігін тигізеді.

Осы орайда, музей саласында да қалыптасқан дәстүрлі басымдықтардың көпшілігі қайта қарастырылып жатқанын атап өту қажет. Музей қорының қолжетімділігі, аудиторияның ынтасы, білім беру бағдарламаларының жаңашылдығы сынды негізгі басымдықтар «музей коллекциясының көптігі оның мәртебесінің жоғарылығын айғақтайды» деген дәстүрлі көзқарасты екінші орынға ығыстырды. Оны Еуропа музей форумы анықтайтын жыл сайынғы «Еуропаның үздік музейі» марапатына үміткерлерді бағалау кезіндегі негізгі өлшемдерден байқауға болады. Оның ішінде экспозицияның сапасы, әлеуметпен өзара іс-қимыл, инклюзивтілік, білім беру және мәдени бағдарламалардың жаңашылдығы, әлеуметтік маңыздылық және қоршаған ортаға қамқорлық (жасыл технологияны қолдану) мәселелері қамтылған (EMYA 2025 Winners, 2025).

Жоғарыда айтып өткеніміздей,

өткен ғасырларда музейде жоғары бағаланған менторлық тәсіл бүгінде екінші орында. «Философиялық музейлер» орнына нақты технологиялар пайда бола бастады. Музей ұсынатын серіктестіктің міндеті ақпараттанған музей келушісімен тең сөйлесу, мәдени диалогты жүргізу, музей кеңістігінде жаңа коммуникативтік-танымдық орта қалыптастыру дағдысына негізделген. «Декларация» және «монолог» түріндегі әдістер бірте-бірте «диалог» немесе «полилог» түріне ауысып жатыр. Музейде жинақталған ақпараттың түсіндіру формаларының сан алуандығы маңызды болып саналады.

Халық арасында шынайы қызығушылық тудыратын музей қызметінің болашағы зор. Ең бастысы, білім беру бағдарламасы тыңдаушыларының басым бөлігі жастар болғаны қуантады, олар еліміздің тарихы бойынша алғашқы дереккөздер арқылы толыққанды ақпарат ала алады.

Зерттеулерге сүйенетін болсақ, оқушылар білім ордасынан тыс жерде алған мәліметті санасына жақсы игереді екен. Нақты айтқанда, Арканзас университетінің профессоры Дж. П. Грин музейлік сабақтың білім беру және тәрбиелік мәнін анықтау мақсатында «Кристл Бриджес» америка өнері музейінде ауқымды кешенді зерттеу жүргізіп, музейлік сабақтың тиімділігін дәлелдеген. Оның зерттеуі бойынша сабақ барысында музей экспонаттарын көрген білім алушылардың 79%-82%-ы бірнеше аптадан кейін экспонаттардың

маңызды бөлшектерін еске түсіріп, оларды белгілі бір тарихи кезеңмен байланыстыра алған. Алынған ақпараттың жоғары деңгейі мұндай сабақтар оқушылардың мәліметтерді айқын эмоционалды қабылдауына мүмкіндік тудырып, оқушылардың өнер туралы сыни ойлауын арттыруға ықпал ететінін көрсетеді. Ғалым алынған мәліметтің жоғары деңгейде игерілуінің себебін музейлік сабақтың оқушылардың эмоционалды қабылдауын тудырып, оларда сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етуі, - деп тұжырымдайды (Greene, 2014: 80-82).

Музей мен қоғамды ықпалдастырудың айқын үлгісі оның білім қызметіндегі рөлінің артуы. Музей педагогикасының дамуы музей педагогы мен келушінің серіктестігіне мен өзара шығармашылығына, заманауи интерактивтік музейлік-педагогикалық әдістемені жасауға, әртүрлі санаттағы келушілер үшін жаңа бағдарламаларды қалыптастыру мен апробациялауға бағытталған. Музейдегі оқытудың ерекшелігі - өз қабілетін барынша арттыру және қанағаттандыру мүмкіндігі, бұл әсер музейлік заттардың бейнелілігі, әртүрлілігі және түпнұсқалығының маңыздылығынан туындайды. Оқыту музейлік сабақтар, пікірталас клубындағы сабақтар түрінде өтеді. Тыңдаушылар барлық жастарды, тіпті мектеп жасына дейінгі балалар аудиториясын қамтиды.

ТМД мен Еуропа елдері музейлерінің қызметін саралау арқылы музей жұмысының басым бағыттарының бірі мәдени-ағарту қызметі екендігін бағамдауға болады. Музейлер барлық санаттағы халық үшін ресми және бейресми білім

беру орталығына айналды. Білім беру жобаларын іске асыру деңгейінің жоғарылығы халықаралық жобалар мен бағдарламаларды қалыптастыру, жақын шетелдің музей педагогикасы орталықтарымен тығыз қатынас жасау мүмкіндігін көрсетеді.

Музей Отан тарихы мен мәдениетін зерттеудің маңызды орталығының бірі ретінде қазіргі заманғы социомәдени және коммуникациялық үдерістерде жетекші орынға ие. Ерекше атмосферадағы музейдің заттық ортасы кеңістік, жағдай және коммуникация үшін себеп болып отыр.

Музей Қазақстанның мәдени өміріндегі белсенді әрі қайталанбас қатысушысы ретінде қалың жұртшылыққа кеңінен таныс. Экспозицияларда көрсетілген тарихи-мәдени мұралардың негізінде ғылыми-ағарту бағдарламалармен және мәдени-танымдық бос уақытты өзара байланыстыратын және өзара іс-қимыл жасайтын тиімді кешен құрылды.

Осы тұрғыда, мәдени-ағартушылық бағытта әртүрлі жастағы білім алушыларға Қазақстанның тарихы мен мәдениетін танытуға «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы өзіндік үлес қосып келеді. 1977 жылы негізі қаланған музей-қорықтың қорында 25 мыңнан астам экспонаттар жинақталған. Аталған музей-қорық Қазақстандағы ерекше рухани маңыздылығы бар мекеме (Музей тарихы, 2025).

Мұнда қазақ халқының тарихы мен рухани мұрасы сақталады, зерттеледі және насихатталады. Қожа Ахмет Ясауидің мұралары, қазақтың ел билеген хандары мен сұлтандары, жерін қорғаған батырлары, әділдік пен ақылдың символы болған би-шешендерінің тарихи рөлі зерделеніп,

танылады.

Музей-қорық құрылымында «Музей педагогикасы» бөлімі қызмет етеді. Бұл бөлім өткізетін іс-шаралар мектеп жасындағы балаларды музей мәдениетіне қатыстыруға, табысты әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етуге, белсенді ақыл-ойды дамытуға ынталандырады. Сондай-ақ, музей-қорықта оқу-ағарту қызметінің әртүрлі формалары белсенді түрде қолданылып келеді: үйірмелер, музейлік сабақтар, пікірталастар, байқаулар, мерекелер және т.б. Музей-қорық – «Көз сал – ұста – тыңда» қағидасы бойынша оқытудың тактильді әдісін қолданатын мекемелердің бірі.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында шетелдік зерттеушілердің музейтану бағытындағы жарияланымдары пайдаланылып, музейде оқыту мәселесі айқындалған музей педагогикасының теориясы мен практикасына назар аударылды. Нақты айтар болсақ, музей педагогикасының қалыптасуының алғышарттары, оның анықтамасы мен түрлері қарастырылады. Музей педагогикасы түрлерінің ішінде үйірме жұмысының мазмұны «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының тәжірибесі негізінде сараланады.

Зерттеуде музей-қорық үйірмелері мақсат-міндеттерін жүзеге асыру барысында жинақталған тәжірибесін баяндау және талдау әдістері пайдаланылған. «Үйірмелер» зерттеудің негізгі болғандықтан, оның мазмұны, тақырыптық бағыты, жетекшілері мен қатысушылар құрамы да көзделеді.

Мақаланы дайындау үшін музей саласы бойынша маманданған

Б. Столяров, Л. Шляхтина, Э. Шулепова, М. Юхневич, Ү. Мұңалбаева, А. Морозова және О. Мельникова сынды ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Талдау

Музейдің оқыту қызметінің бағыты музейдің қалыптасуымен қатар жүрді. Музейдің әлеуметтік мәдени бағыты тарихи-мәдени мұраны насихаттау, көркем тәрбие мен білім беру мәселелерін шешуге мүмкіндік берді. Жас ұрпақ өкілдерінің белсенді қатысуы музейлік білім беру бағдарламаларының тиімді екендігін дәлелдей түсуде. Музейдің білім беру бағдарламаларында интерактивті әдістер жиі қолданылады. Сондықтан да музей педагогикасының өзектілігі артып келеді.

Музей педагогикасы қор және экспозиция сынды музейдің өзіндік құрылымдық бөлшегіне айналған. Себебі сол арқылы музейдің білім беру және мәдени-ағартушылық қызметі жүзеге асырылады. Музейдің құрылымдық бөлімі ретінде қалыптасқан музей педагогикасы музейтанушылардың теориялық негіздемелері мен зерттеулері және халықаралық музейлік озық тәжірибелердің нәтижесінде ғылыми пәнге айналды.

АҚШ және Еуропалық музей педагогикасының мазмұны келушілердің музей әлемімен еркін танысып, оның қыр-сырын өз тәжірибесіне қабылдау ұстанымына негізделеді. Яғни, адамдарға ерекше көңіл-күй мен эмоция сыйлайды.

Ғалымдар музей педагогикасына мынадай анықтама береді: музей педагогикасы – музейтану, педагогика және психология аясында музейді

білім беру орны ретінде қарастыратын ғылыми пән. Сондай-ақ, музей кеңістігінде педагогикалық үдеріс арқылы мәдени (көркемдік) білімді жеткізуге бағдарланған музейдің ғылыми-тәжірибелік қызметі жұмыс жасайды. Музей педагогикасы музейдің тарихын, оның мәдени, білім беру қызметінің ерекшеліктерін, әртүрлі әлеуметтік санаттағы келушілермен жұмыс жасау әдістерін, музейлердің білім беру мекемелерімен өзара іс-қимылын зерттейді (Шулепова, 2005: 352-354).

Осы негізде білім беру үдерісін музей мен мектеп әртүрлі әдіс-тәсілдермен жүзеге асырады. Мектептегі білім беру үдерісі оқу бағдарламасы негізінде жүргізіліп, пәндерге бөлінеді. Мұнда оқу процесі қатаң реттелген, ал білім деңгейі қадағаланып отырады.

Музейде оқыту үдерісінде дәстүрлі және дәстүрлі емес форматтар қолданылады. Себебі музей аудиториясы жас ерекшелігіне, олардың қызығушылықтарына, әлеуметтік және материалдық жағдайларына қарай әртүрлі болады.

Музейдегі оқыту білім беру мен оны игеруді, музей педагогикасы үдерісінде шығармашылық және танымдық дағдыларды дамытуды қамтиды. Сондықтан музейдегі оқыту басқа мекемелерде кездесе бермейтін қосымша білім берудің бір түрі десе де болады.

Музей заттарының әртүрлілігі, көркемдігі мен шынайылығы мұндағы білім беру мазмұнын басқа мекемелердегі қосымша білім беру мазмұнынан ерекшелеп тұрады. Сондай-ақ, музейдегі оқытуда еркін және бейресми форматта өтіп, қатысушылардың қызығушылығына

басымдық беріледі.

Жалпы алғанда, мұнда музей құндылықтарын көзбен көріп, солар арқылы белгілі бір оқиға немесе құбылыстың мәнін тереңірек түсінуге бірегей мүмкіндік бар деп тұжырымдауға болады.

Музей саласының даму тарихында оның міндеті жүйелі білім беру ғана емес, тіпті белгілі бір салада дағдылар мен икемдерді қалыптастыру екенін қабылдамау ұзақ уақыт бойы жалғасып келді.

Дегенмен, XIX ғасырдың екінші жартысында орын алған тарихи оқиға музейдің білім беру қызметіне деген көзқарасты қайта қарауға негіз болды. Тариха көз жүгіртетін болсақ, 1851 жылы Лондонда «Барлық халықтардың өндірістік жұмыстарының ұлы көрмесі» тақырыбында дүниежүзілік көрме өтті. Көп ұзамай осы көрмеге топтастырылған заттар негізінде 1852 жылы Лондонда музей (қазіргі уақытта Виктория мен Альберт музейі) ашылды. Музейдің мақсаты тарихи немесе көркемдік құндылығы бар заттарды жинау және сақтаумен ғана шектелмеді, оның алдына мынадай жаңа міндеттер қойылды:

- көркем өнерді қоғамның барлық өкілдері арасында кеңінен насихаттау;
- халықтың көркем өнер саласындағы білім деңгейін дамыту;
- индустриалдық өнеркәсіп түрлерінің сапасын жетілдіру.

Болашақ Виктория мен Альберт музейінің басты мақсаты қолөнер шеберлері жасаған заттар арқылы халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуға көмек көрсету болған. Сол себепті өнеркәсіптік және сәндік қолданбалы өнер үлгілерінен жинақталған музей экспонаттары негізінде халықтың кәсіби білімін

жетілдіруге қолдау көрсетілді. 1880 жылдары бұл музейде білім алушыларға ғылыми-техникалық және шығармашылық тәрбие мен білім беру мақсатында мектеп мұғалімдерімен жұмыс жасайтын арнайы бөлім құрылды. Осылайша, музей алғашқылардың бірі болып қоғамның басым бөлігіне әсер ету мақсатын көздеп, музей мен мектеп жұмысын біріктірді (Столяров, 2004: 24-26).

Музейдің бұл жұмысы білім алушылардың қызығушылығы, танымы мен шығармашылық қабілетін дамытуға жәрдемдесіп, музейдің жүйелі түрде білім беру қызметін қалыптастырды және осы бағыттағы музей саясатына өз ықпалын көрсете білді. Осылайша, Виктория мен Альберт музейінің мақсаты мен бағыты музей педагогикасын құрылымдық бөлім ретінде қалыптастыруға септігін тигізді.

Батыс елдерінің музейлері баламен жұмыс жасау барысында балалардың әлем туралы түсініктерін дамытуға, бақылау, жіктеу және ақпаратты қорыту қабілеттерін қалыптастыруға баса назар аударады.

Мұнда білімді меңгерудің белсенді әдістері кеңінен қолданылады: белгілі бір іс-әрекет барысында танымдық үдеріс, еркін пікір алмасу ұйымдастырылады, кейде оқушыларға рөлдік тапсырмалар беріліп, олар бейнелерді немесе дыбыстарды қайталайды. Яғни, баланың көңіл-күйі мен эмоциясына баса мән беріледі.

Сонымен қатар музейлерде балаларды олар бұрын-соңды көрмеген заттармен таныстыруға көп көңіл бөліп, оның шығармашылық қызығушылығын дамытуға ден қойылады (Юхневич, 1997: 10-13).

Музейдің басты міндеті – білім беру

барысында ғылыми және эстетикалық ұғымдарды балалардың сезімдік тәжірибесімен байланыстыру, олардың білім алу және ақпарат жинау қабілетін дамыту. Сонымен қатар, батыс педагог-мамандары музейлік білім беру тек мәліметтер жиынтығын алу ғана емес, оларды тәжірибе жүзінде қолдану, оның ішінде шешім қабылдау қабілетін дамыту деп санайды. Музейлердің білім беру тұжырымдамасында баланы қоғамдағы өмірге дайындау, оны әлеуметтендіру, қолданыстағы моральдық және құқықтық нормалар туралы түсінік қалыптастыру, логикалық талдау дағдылары мен шығармашылық ойлау қабілетін дамыту міндеттері қамтылады (Юхневич, 1997: 17).

Осы міндеттерді музей бірнеше түрде жүзеге асырады. Музей педагогикасы жұмысының түрлері қатаң бекітілмеген. Сондықтан да, олар оңтайлы әрі дамуға және жетілдіруге бейім болып келеді.

Музей жұмысының түрлері ондаған жылдар бойы дамыды және уақыт өте келе тарихи жағдайлардың, ғылыми ізденістер мен әзірлемелердің, қоғамның сұраныстарының әсерінен өзгерді. Кейбір жұмыс түрлері дәстүрге айналды және осы күнге дейін өзекті болып келеді. Олардың қатарына экскурсиялар, музейлік сабақтар, семинарлар, кездесулер, үйірмелер, клубтар кіреді. Музей тәжірибесінде музей үшін дәстүрлі емес жұмыс түрлері олимпиадалар, байқаулар, дебаттар, театрландырылған көріністер, әртүрлі мазмұндағы жекелеген мерекелік іс-шаралар белсенді өткізіліп келеді. Қазіргі уақытта музейдегі мәдени-ағартушылық және білім беру бағытындағы шаралардың қатысушыларын тұрақтандыру

мәселесі де өзекті тақырыптардың бірі. Яғни, музейдің тұрақты аудиториясын қалыптастыру маңызды.

Осы орайда, музей педагогикасы қызметінің дәстүрлі түрлерінің бірі - музейлік үйірме жұмысына тоқталып, оны «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы тәжірибесінде айшықтап өтейік.

Музей жанындағы үйірме – музейдің бағытына байланысты білімді кеңейту, тереңдету және дағдыларды қалыптастыру мақсатында адамдардың қызығушылықтары бойынша бірігуі. Үйірме жұмысы музей коллекциясы мен оның құрылымдық бөлімдері негізінде жұмыс жасайды (Шляхтина, 2021: 34).

Нәтижелер

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығында «Жас археолог», «Жас реставратор» және «Жас экскурсовод» үйірмелері жұмыс жасап келеді. Үйірмелер мектеп оқушыларының бойында ұлттық тарихи-мәдени ескерткіштер мен рухани құндылықтарды қорғау, сақтау және құрметтеу сезімдерін қалыптастыру және оларды рухани дамыту бағытында тәрбие жұмысын жүргізу және тұрақты аудиторияны қалыптастыру үшін ұйымдастырылды.

Әр үйірменің негізгі мақсаты жастар арасында халқымыздың тарихын кеңінен насихаттай отырып, еліміздің тарихы мен руханиятына, мәдениеті мен дәстүріне деген сүйіспеншілікті арттыру, отансүйгіштік пен патриоттыққа тәрбиелеу, шығармашылық және ізденушілік дағдыларын дамыту болып табылады.

Үйірме сабақтары теориялық және практикалық бөліктерден тұрады.

Сабақ аптасына бір рет өткізіледі. Үйірме сабақтарын музей-қорықтың тәжірибелі реставраторлары, археологтары мен экскурсоводтары өткізіп тұрады. Үйірме сабақтары үш айға жалғасып, соңында қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Музей педагогикасының басты қағидасы бойынша, жас ерекшеліктеріне сай құрылатын музейлік білім беру бағдарламалары оқушыларды болашақ өмірге дайындауға барынша септігін тигізеді.

Зерттеушілердің пайымдауынша, 9-12 жас аралығындағы балалар абстрактілі ұғымдарды, мысалы, дін немесе экология саласында жақсырақ түсіне бастайды. Алайда психологиялық тұрғыдан алғанда, олар үшін сезім мүшелері арқылы қабылдау (сенсорлық таным) тиімдірек болып табылады (Муналбаева, 2012: 238).

Осы тұрғыда, «Жас археолог» және «Жас реставратор» үйірмелерінде «эмоция», «сезім мүшелері арқылы қабылдау» ұстанымына баса назар аударылды. Яғни, баланың өз тәжірибесі негізінде білім алуына жағдай жасалды.

«Жас археолог» үйірмесінің мүшелері «Түркістан жазирасының керамикасы» тақырыптық көрмесі залында «Қазақстандағы қыш өндірісі және жасалу әдістері» тақырыбында танымдық дәріс тыңдап, қыш өндірісі туралы жалпы түсінік алып, ерте кезеңдердегі қыш бұйымдарды әзірлеу әдістерімен танысты (Сур.1).

Практикалық бөлікте қатысушылар музей-қорықтың археологы М. Амантуров арнайы технологиямен әзірлеген саз балшықтан өздерінің ойындағы ыдыстарын жасады. Жалпы қыш бұйымдарды жасау күрделі бірнеше кезеңді қамтитын процесс



Сур. 1. «Жас археолог» үйірмесінің мүшелері.
Fig. 1. Members of the “Young Archaeologist” circle.



Сур. 2. «Жас реставратор» үйірмесінің мүшелері.
Fig. 2. Members of the “Young Restorer” circle.

болып табылады. Сондықтан бұл тақырып бірнеше сабақты қамтыды. Сондай-ақ үйірме мүшелері қыш бұйымдарды жасаудың маңызды бөлігі саналатын бояу және әрлеу әдістерімен танысты. Балалар өз туындыларын безендіру үшін әртүрлі әдістерді қолданды, оның ішінде ою, кескіндеме, бедерлеу, бояуды таңдау, түстерді араластыру және жағу және т.б. бар. Бұл әдістер керамикаға тереңдік, текстура және түс қосып, оларды көрнекі түрде қайталанбас туындыларға айналдырады.

«Жас реставратор» үйірмесінің мүшелері бұған дейін оларға беймәлім болып келген реставрация ғылымымен жақынырақ танысып, музей-қорықтың реставраторы Н. Тәжібаевтың жетекшілігімен музей заттарын қайта қалпына келтіру жұмыстарына қатысуға мүмкіндік алды. Үйірме

сабақтарында балалар музей-қорық қорындағы керамикалық жәдігерлердің сынған бөліктерін толықтыру бойынша гипс құю жұмыстарын орындап, толтырылған гипсті егеуқұм қағазымен тегістеді (Сур.2).

Үйірме мүшелері қайта қалпына келтірілген жәдігерлерді бояудың қыр-сырымен танысты. Реставрация қағидасы бойынша бұйымның гипстелген бөлігі экспонаттың негізгі түсіне сәйкес таңдалады. Қалпына келтірілген бөліктер көзге көрініп тұруы үшін түпнұсқа туындыдан ерекшеленіп тұруы тиіс. Дегенмен, экспонаттың жалпы реңкіне үйлесе отырып, оның көркемдік көрінісін бұзбауы қажет. Осы қағидаларды басшылыққа ала отырып, үйірме мүшелері экспонаттың түсіне сәйкес бояуларды іріктеу және оны жағу әдістерін меңгерді.



Сур. 3. «Жас экскурсовод» үйірмесінің мүшелері.
Fig. 3. Members of the "Young Guide" circle.

Зерттеушілердердің пікірінше, білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында музей қызметкерлері өзара байланысқан деңгей тәртібін ұстануы қажет (Морозова, Мельникова, 2006: 126). «Жас экскурсовод» үйірмесінің жұмысын жүргізуде музей-қорықтың ғылыми қызметкері Ә. Орынбекова аталған өзара байланысқан деңгейлерді қолданды (Сур. 3).

Бірінші деңгей – «музей педагогі – бала». Баланы жаңа ортаға бейімдеп, оны өзін еркін ұстауына жағдай жасау үшін музей педагогі сабақты баланы өзін таныстыруды сұраудан, киімінің түстерін атауды өтінуден немесе әртүрлі тақырыптағы жеңіл диалогтан бастайды. Содан кейін ғана музейлік сабақ тақырыбына ауысады. Бұл әдіс балаларға ішкі еркіндік сезімін беріп, олардың ойлау белсенділігін ынталандырады. Аталмыш деңгей тәртібі «Жас экскурсовод» үйірмесінің сабақтарында үйлесімді түрде қолданылды. Себебі, экскурсия тәртібі бойынша экскурсовод экскурсияны бастамас бұрын экскурсанттарға өзін таныстырады.

Келесі деңгей – «бала – музей ортасы», яғни баланың экспозиция немесе жекелеген экспонаттармен байланысы. Бұл жерде педагог ең алдымен балаларға таныс заттар мен музей экспонаттарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуға көмектесуі керек, балалар заттардың ұқсастықтарын сипаттап, қарама-қайшылықтарды анықтауы қажет.

Мысалы, «Жас экскурсовод» үйірмесінің мүшелері «Қылуат жер асты мешітімен» аралап, ол жерде өзін қалай сезінетінін, өздерінің ойлары мен тұжырымдарымен бөлісіп отырды. Мұндай әдіс оқушыларға көзбен көргендерін жақсы қабылдауға,

өткенмен өзін байланыстыруға және бақылау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Осы орайда, ғалымдар байқампаздық – бала мен экспонат арасындағы байланысты орнатудың ең маңызды факторы екенін атап өтеді.

Үшінші деңгей – «музей – шынайы өмір». Мысалы, үйірме мүшелері «Хан ордасы» археологиялық ескерткішін тамашалап, кейінгі ортағасырлық кезеңдегі тұрғын үйлердің құрылысын өз үйлерімен салыстырады. Осындай тәсіл арқылы баланың музейге деген қызығушылығы оянып, бала оны қайтадан көруге ниеті артуы мүмкін.

Үйірмелердің мүшелері 18 мамыр – Халықаралық музейлер күніне арналған мерекелік іс-шараларға белсене қатысты. Мәселен, «Жас экскурсовод» үйірмесінің мүшелері Қожа Ахмет Ясауи музейінде мерекелік шара қонақтарына экскурсия жүргізді. «Жас археолог» және «Жас реставратор» үйірмелері мүшелерінің жұмыстары көрмеде көпшілік назарына ұсынылды.

Жас өспірімдердің үйірме жұмысына белсене қатысуы олардың тарихи-мәдени мұра, өлке тарихы және қолөнерге деген қызығушылығын көрсетеді. Осылайша, бала музейдің білім беру бағдарламаларында белгілі бір кезеңде қолданылған заттардың бар екенін білуден бастап, бұл ақпаратты бұрыннан таныс фактілермен байланыстырады. Осы тұрғыда, халықаралық тәжірибе негізінде қалыптасқан музей педагогикасының қағидаларына сүйене отырып, жүргізілген «Әзірет Сұлтан» Ұлттық музей-қорығының үйірмелерінің жұмысы музейдің баланың тек бақылау қабілетін ғана емес, сонымен қатар салыстыру, қорытынды жасау, ортақ түйін шығару, болжам жасау, эмоция

арқылы түсіну және гипотеза ұсыну қабілетін дамытатынын байқатады.

Қорытынды

Сонымен, білім беру музей қызметінің басым бағыттарының бірі деуге болады. Бұл жұмыста тарихи-мәдени мұраны дұрыс пайдалана білу басты қағида болып табылады. Отандық музей саласында музей педагогикасының формалары белсенді дамып келе жатқанын атап өтуге болады.

Музейдің мәдени-білім беру қызметінің педагогикалық әлеуеті

зор. Ол білім алушылардың бойында патриоттық, мәдениетаралық үн-қатысу, гуманистік қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол рухани жан-дүниені байытуға ықпал етіп, бос уақытты танымды әрі тиімді өткізуге үлес қосады. Сәйкесінше, музейге келген адам білім алумен қатар, әртүрлі тарихи кезеңдермен сипатталатын өмірлік тәжірибемен танысып, мәдени, өнегелік және көркемдік құндылықтарды бойына сіңіру арқылы дүниетанымдық және эмоциялық қуат алады.

Әдебиет

1. Музей тарихы / [Электронды ресурс]. URL: <https://azretsultan.kz/muzej-tarihy/> (қаралған күні: 10.06.2025).
2. Музейная педагогика за рубежом. Работа музеев с детской аудиторией, 1997. / Отв. ред. М. Юхневич. Москва. 73 с.
3. Музейная педагогика: Из опыта методической работы, 2006. / Под ред. А. Морозовой, О. Мельниковой. Москва. 416 с.
4. Муналбаева У.Д., 2012. Музейная педагогика. История, теория, практика: учебное пособие. Астана. 514 с.
5. Основы музееведения: Учебное пособие, 2005. / Отв. ред. Э. Шулепова. Москва. 504 с.
6. Столяров Б.А., 2004. Музейная педагогика. История, теория, практика: Учеб. пособие. Москва. 216 с.
7. Шляхтина Л.М., 2021. Музейная педагогика: учебно-методическое пособие. Санкт-Петербург. 60 с.
8. EMYA 2025 Winners / [Электронды ресурс]. URL: <https://emya2025winners.europeanforum.museum/> (қаралған күні: 14.07.2025).
9. Greene, J.P., Kisida, B., and Bowen, D.H. (2014). The Educational Value of Field Trips: Taking students to an art museum improves critical thinking skills, and more. *Education Next*, 14(1), 78-86.

References

1. Muzej tarihy [Museum history] / [E-source]. URL: <https://azretsultan.kz/muzej-tarihy/> (Accessed: 10.06.2025). [in Kazakh].
2. Muzeynaya pedagogika za rubezhom. Rabota muzeyev s detskoy auditoriyey [Museum Pedagogy to Abroad. The Children's Audiences in the Museum], 1997. / Otv. red. M. Yukhnovich. Moskva. 73 p. [in Russian].
3. Muzeynaya pedagogika: Iz opyta metodicheskoy raboty [Museum education: From the experience of methodological work], 2006. / Pod red. A. Morozovoy, O. Melnikovoy. Moscow. 416 p. [in Russian].
4. Munalbayeva U.D., 2012. Muzeynaya pedagogika. Istoriya, teoriya, praktika: uchebnoye posobiye [Museum education. History, theory, practice]. Astana. 514 p. [in Russian].
5. Osnovy muzeyevedeniya: Uchebnoye posobiye [Fundamentals of Museology: A Textbook],

2005. / Otv. red. E. Shulepova. Moscow. 504 p. [in Russian].

6. Stolyarov B.A., 2004. Muzeynaya pedagogika. Istoriya, teoriya, praktika: Ucheb. posobiye [Museum pedagogy. History, theory, practice: Textbook]. Moscow. 216 p. [in Russian].

7. Shlyakhtina L.M., 2021. Muzeynaya pedagogika: uchebno-metodicheskoye posobiye [Museum education: Textbook]. Sankt-Peterburg. 60 p. [in Russian].

8. EMYA 2025 Winners / [E-source]. URL: <https://emya2025winners.europeanforum.museum/> (Accessed: 14.07.2025).

9. Greene, J.P., Kisida, B., and Bowen, D.H. (2014). The Educational Value of Field Trips: Taking students to an art museum improves critical thinking skills, and more. Education Next, 14(1), 78-86.

Атабаева Г.

Национальный историко-культурный музей-заповедник «Әзірет Сұлтан»

Түркестан, Қазақстан

e-mail: atabayevagulmira9@gmail.com

КРУЖОК КАК ФОРМА КУЛЬТУРНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МУЗЕЯ

Аннотация. В данной статье проанализированы предпосылки становления музейной педагогики, ее определения и видов. На основе теории и практики музейной педагогики охарактеризованы теоретико-методологические основы и практические аспекты кружков Национального историко-культурного музея-заповедника «Әзірет Сұлтан». В настоящее время вопросы формирования постоянной аудитории культурно-просветительских и образовательных проектов музея является актуальным. В этом контексте в статье рассматриваются вопросы формирования постоянной музейной аудитории. Музейная педагогика как научная дисциплина изучает особенности образовательной деятельности музея, методы работы с различными социальными категориями посетителей, взаимодействие музея с образовательными учреждениями. В процессе обучения в зависимости от возраста, интересов, социального и материального положения аудитории используются традиционные и нетрадиционные форматы. Формы традиционного формата: экскурсия, музейный урок, семинар, встреча, кружок, клуб. Формы нетрадиционного формата: олимпиады, конкурсы, дебаты, театрализованные представления, праздничные мероприятия различного содержания. Разнообразие, эстетичность и подлинность музейных предметов отличают содержание музейного образования от содержания дополнительного образования в других учреждениях. Кроме того, обучение в музее проходит в свободной и неформальной обстановке, где предпочтение отдается интересам участников. При подготовке статьи использовались публикации зарубежных исследователей по музееведению. В исследовании применены методы повествования и анализа для описания о ходе реализации деятельности кружков

музея-заповедника. Данные методы позволили раскрыть содержание деятельности кружков, охарактеризовать тематическую направленность, определить состав руководителей и участников.

Ключевые слова: музейная педагогика, кружок, история, обучение в музее, историко-культурное наследие, экспонат.

Для цитирования: Атабаева Г. Кружок как форма культурно-образовательной деятельности музея // Мадени мұра. 2025. № 3(110). С. 57-70 (каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v23.i3.05>

Atabayeva G.

“Azret Sultan” National Historical and Cultural Museum-Reserve

Turkestan, Kazakhstan

e-mail: atabayevagulmira9@gmail.com

THE CIRCLE AS A FORM OF CULTURAL AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF THE MUSEUM

Abstract. The article examines the preconditions for the formation of museum pedagogy, its definitions, types, and practical applications. It analyzes the theoretical and methodological foundations as well as the practices of the circles at the National Historical and Cultural Museum-Reserve “Azret Sultan” within the framework of museum pedagogy. A key issue addressed is the formation of a permanent museum audience for cultural and educational projects. As a scientific discipline, museum pedagogy studies the specifics of educational activities in museums, methods of working with different social groups, and cooperation with educational institutions. Learning formats vary according to age, interests, and social status of visitors. Traditional forms include excursions, museum lessons, seminars, meetings, clubs, while non-traditional ones involve olympiads, contests, debates, theatrical performances, and festive events. The uniqueness, authenticity, and aesthetics of museum objects distinguish museum education from other types of supplementary education. Moreover, the informal environment of museums prioritizes participants’ interests. The study draws on publications of foreign museologists and applies narration and analysis methods to describe the work of the museum-reserve’s circles. These approaches help to characterize their themes, identify participants and leaders, and reveal the content of their activities.

Keywords: museum pedagogy, society, history, education at the museum, historical and cultural heritage, item.

For citation: Atabayeva G. The circle as a form of cultural and educational activities of the museum // Madeni mura. 2025. № 3(110). Pp. 57-70 (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v23.i3.05>

Автор туралы мәлімет:

Атабаева Гүлмира Маратқызы, магистр, Музей педагогикасы бөлімінің ғылыми қызметкері, «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Түркістан, Қазақстан.

ORCID: 0009-0007-5772-6450

Сведения об авторе:

Атабаева Гүлмира Маратовна, магистр, научный сотрудник Отдела музейная педагогика, Национальный историко-культурный музей-заповедник «Әзірет Сұлтан», Туркестан, Казахстан.

ORCID: 0009-0007-5772-6450

Information about the author:

Atabayeva Gulmira Maratqyzy, master, Researcher of the Department of Museum Pedagogy, “Azret Sultan” National Historical and Cultural Museum-Reserve, Turkestan, Kazakhstan.

ORCID: 0009-0007-5772-6450